

*Ж.Б. Ақшатаева*

## **АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНДІРІСІН САҚТАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ МЕН ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының заңдарында да, әдібеттерде де ауыл шаруашылық өндірісі саласындағы сақтандыру қатынастары мемлекеттік органдар жүйесі туралы, сонымен қатар жалпы сақтандыру қатынастарындағы мемлекеттік органдардың жүйесі туралы толық және нақты көзқарастар жоқ. ҚР-дың сақтандыру заңында тек қана осы саладағы уәкілетті органының құқықтық жағдайы айқын бекітілген. Басқа мемлекеттік органдарға қатысты мұндай анықтылық жоқ. Осы жерден келесі мәселелер туындайды:

Біріншіден, Қазақстан Республикасының заңында "уәкілетті орган" абстрактілік ұғымы бекітілген. Тікелей әрекет етуші акт ретінде заңда ол қандай орган екенін анықтау керек, өйткені құқықтық мемлекетте заңның мәні – бұл халықтың қол жетімділігінде.

Қазақстан Республикасының 18 желтоқсан, 2000 жылғы «Сақтандыру қызметі туралы» заңының 42-бабына сәйкес Уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сақтандыру рыногын реттеу және сақтандыру қызметін қадағалау жөніндегі функциялар мен өкілеттікті жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Көріп тұрғанымыздай, осы органның атауы заңда көрініс таппаған, оны азаматтардың көпшілігінің қолы жетпейтін заңға сәйкес нормативтік актілерден іздеу қажет. Тек қана 31 желтоқсан 2003 жылғы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі туралы Ережемен танысып қана, сақтандыру саласындағы қай мемлекеттік орган арнайы орган болып табылатындығын білу мүмкін [1].

Екіншіден, сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдарында көбінесе басқа мемлекеттік органдардың құзыреттері берілмейді, кей жағдайларда кейбір органдар көрсетіледі.

«Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы», Қазақстан Республикасының заңының «Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау» атты 6-бабында көрсетілгендей, сақтандыру ұйымдарының қызметін мемлекеттік қадағалауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

Тасымалдаушының осы Заңды тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу бөлігінде орындалуына мемлекеттік бақылау жасау:

1) автомобиль көлігін және қалалық электр көлігін пайдалануға қатысты ішкі істер органдарының жол полициясы бөлімшелеріне;

2) теміржол, теңіз, ішкі су және әуе көлігін пайдалануға қатысты көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға;

3) Мемлекеттік шекарадан өткізу пункттеріндегі көліктік бақылау органдарына жүктеледі [2]. Көріп отырғанымыздай, мұнда тек қана органдар көрсетілген және олармен орындалатын бір қызмет – мемлекеттік бақылау, бірақ біздің пікіріміз бойынша, осы органдардың құзыреттерін толығырақ бекіту керек еді.

Сақтандыру қызметі саласындағы негізгі заңы – 18 желтоқсан, 2000 жылғы «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР заңына келетін болсақ – онда жалпы басқа мемлекеттік органдар туралы нормалар көрініс таппаған. Сақтандыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, сақтандыру рыногындағы істің жайына мемлекеттік бақылау жасауды қамтамасыз етуді қоса, уәкілетті орган және мемлекеттің өзге де органдары өз құзыреті шегінде жүзеге асыратындығы айтылып өтеді. Сонымен қатар «Өзге де мемлекеттік органдардың осы Заңмен реттелмеген өкілеттігі міндетті сақтандыру түрлері бойынша тиісті заң актілерінде көзделуі мүмкін» деген сілтеме норма бар [3]. Бұл сақтандыру туралы Қазақстанның Республиканың заңдарының кемшілігі болып табылады.

Үшіншіден, жоғарыда көрсетілгендер, Қазақстан Республикасында теорияда және тәжірибеде де сақтандыру саласында мемлекеттік органдарының жүйесі жоқ. Мемлекеттік органдардың бірқатары бар және кейбір заңдарда бекітілген, бірақ іс жүзінде олар бір жүйеге бірікпеген шашыраңқы элементтер. Барлық негізгі функциялар, монополист болып табылатын тек бір орган - Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінде шоғырланған.

Төртіншіден, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау ҚР агенттігінің құқықтық мәртебесі тым көтермеленіп кеткен. Уәкілетті органның құқықтық мәртебесі Қазақстанның Республикасының заң актілерімен анықталады: 2000 жылдың 18 желтоқсандағы «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР заңы, 2003 жылдың 4 шілдесіндегі «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» ҚР заңы 2003 жылдың 31 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі туралы Ереже .

«Сақтандыру қызметі туралы» ҚР заңының 43-бабына сәйкес Агенттік келесі функцияларды жүзеге асырады:

- Қазақстан Республикасында сақтандыру жүйесінің жұмыс істеуін және ұлттық сақтандыру инфрақұрылымын қалыптастыруды, сақтанушылардың және сақтандыру рыногының өзге де қатысушыларының заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізеді;

- сақтандыру реттеу принциптері мен әдістерін, сақтандыру қызметін қадағалауды ұйымдастыру тәртібін белгілейді;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын құруға рұқсат береді;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін алуға рұқсат беру және оны кері қайтарып алу тәртібін осы Заңның талаптарын ескере отырып айқындайды, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін алуға рұқсат береді, ірі қатысушының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларын тікелей және (немесе) жанама иелену үлесін белгілейді;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларымен мәміле жасауға келісім береді;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз еркімен қайта ұйымдастырылуына және таратылуына келісім береді;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйым құруына, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қомақты қатысуына рұқсат береді;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы жөнінде талаптар белгілейді;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін, сақтандыру брокерінің қызметін, сақтандыру актуарий қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиялар беру тәртібін осы Заңның талаптарын ескере отырып айқындайды және лицензиялар береді;

- сақтандыру портфелін берудің тәртібін айқындайды;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін пруденциялық нормативтерді және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді, жарғылық капиталдың, кепілдік беру қорының, төлем қабілеттігі маржасының ең аз мөлшерін қоса, белгілейді және олардың сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;

- таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату комиссияларының қызметіне бақылау жасауды жүзеге асырады;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының басшы қызметкерлерін және сақтандыру брокерлерін сайлауға (тағайындауға) келісім береді;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағынан тұрақтылығы мен төлем қабілетіне талдау жасауды, баға беруді және бақылауды жүзеге асырады;

- сақтандыру ұйымының сақтандыру шарттарын (сақтандыру полистерін) есепке алу тәртібін белгілейді;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру сыныптары (түрлері) бойынша сақтандыру тарифтерін бағалау әдістеріне және есептеу принциптеріне талаптар қояды;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындылығын сипаттайтын коэффициенттерді (шығындылық коэффициентін, жұмсалған қаражат коэффициентін, аралас коэффициентті) есептеу тәртібін айқындайды;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерінің және сақтандыру брокерлерінің, актуарийлердің тізімін жүргізеді;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын автоматтандыруға қойылатын талаптарды белгілейді;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру рыногының басқа да қатысушылары орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;

- сақтандыру қызметі субъектілерін, сақтандыру брокерлерін, сақтандыру қызметі субъектілерінің оқшауланған бөлімшелері мен сақтандыру брокерлерін тексеру ісін жүргізеді;

- сақтандыру рыногының кәсіби қатысушыларына санкция қолданады;

- сақтандыру рыногының кәсіби қатысушыларына берілген лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру және лицензиялардан айыру туралы шешімдер қабылдайды;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздемелер бойынша тоқтату туралы сот органдарына талап қойып жүгіну жөнінде шешім қабылдайды;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметі туралы, оның құрылтайшыларының құқықтық мәртебесі мен қаржылық жай-күйі туралы, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және оның құрылтайшыларына қатынасы жөнінен еншілес ұйымдар немесе оқшауланған бөлімшелер болып табылатын тұлғалар туралы мәліметтер алуға құқылы;

- заңға сәйкес сақтандыру нарығының және олардың бірлестіктерінің кәсіби қатысушыларынан, сақтандыру агенттерінен өздерінің бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруға қажетті мәліметтер алуға құқылы;

- мемлекеттік органдар мен ұйымдардан өзінің бақылау және қадағалау қызметі үшін қажетті мәліметтерді, оның ішінде қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтерді алуға құқылы;

- міндетті сақтандырудың жекелеген түрлері бойынша сақтандыру полистері бланкілерінің мазмұнына және оларды әзірлеуге қойылатын талаптарды белгілейді;

- ертерек ден қою шараларын қолданады;

- сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларына шектеулі ықпал ету шараларын қолдануға құқылы;

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу жөнінде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен шаралар қолданады;

- Қазақстан Республикасы қаржы рыногының субъектілерін қадағалайтын басқа да уәкілетті органдармен ынтымақтастықты және қажетті ақпарат алмасуды жүзеге асырады;

- басқа мемлекеттердің сақтандыруды қадағалау органдарымен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен сақтандыру нарығын реттеу және сақтандыру қызметін қадағалау мәселелері бойынша қатынастарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді;

- Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге де функцияларды, өкілеттіктер мен құқықтарды жүзеге асырады [3].

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің және олардың оқшауланған бөлімшелерінің қызметін тексеруді уәкілетті орган жүргізеді. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері, олардың оқшауланған бөлімшелері жүргізілетін тексеру мәселелері бойынша уәкілетті органға жәрдемдесуге, кез келген қызметкерге сауал қою мүмкіндігін, тексеру мақсатын орындау үшін қажетті барлық құжаттар мен өзге де ақпарат көздеріне қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Инспекциялауды жүзеге асыратын адам сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің қызметін тексеру барысында алынған сақтандыру құпиясы не коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтерді жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жауап береді. Қызметтердің мұндай мөлшері қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігіне шексіз билік береді.

А.И. Худяковтың пікірі бойынша, бұл орган «өзіндік керемет мемлекеттік құрылымды» көрсетеді. Өйткені онда мемлекеттік аппараттағы иерархиядағы қарапайым орнына қарамастан, мемлекеттік биліктің барлық ойда бар түрлері жинақталалады. Ол өзінің бағыныштылығы жағынан атқарушы билік органы болып табылады. Өзінің мықты құқық шығармашылық құзыреті жағынан заң шығарушы орган бола алады. Қолданылатын заңи жауапкершілік шаралары және олардың мағынасы бойынша уәкілетті орган сот билігі органының құзыреттеріне ие. Және соңында уәкілетті орган қадағалаушы орган болып табылады, ол оны әлі теорияда белгісіз мемлекеттік биліктің бұтағы мемлекеттің қадағалау органдары (прокуратураға ұқсас) ретіндегі салаға жатқызады.

Бірақ бұл әлі аз уәкілетті орган атқарушы билік органдарының бірі де, тіпті жоғарғы билік - Үкімет иеленбеген керемет құзыреттерге ие. Керемет институт ретінде сақтандыру ұйымын құруға рұқсат беру институтын атап өтсек болады, сонымен қатар басқарушы жұмысшыларды тағайындауға келісім беру және оларды жұмыстан шығару болып есептелетін «келісімдерін қайтарып алу» жатады. Бұл жерде мемлекеттік ұйымдар емес жеке ұйымдар туралы сөз қозғалады, олар нарықтық экономика жағдайында мемлекеттен тәуелсіз болып табылады. Бұндай жағдай қатаң кеңес заманында да орын алмаған еді».

Бұл жағдай нарықтық экономика қатынастарына сәйкес келмейді және өз шешімін табу керек. Аграрлық сақтандыруға байланысты келесі мәселелерді айтып кетуге болады: өкінішке орай, аграрлық сақтандыру және сақтандыру инфрақұрылымы саласында мемлекеттік органдардың үйлесімді және қисынды жүйесі жоқ. Біріншіден, дамыған сақтандыру инфрақұрылымын құру қажет. Қазіргі таңда сақтандыру саласындағы мемлекеттік органдардың дамыған жүйесі өсімдік шаруашылығында қалыптасқан.

10 наурыз 2004 жылғы «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру саласында мемлекеттік органдарды жүйелеуге тырысқан жалғыз нормативтік құқықтық акт болып есептеледі. Мұнда өсімдік шаруашылығы саласында ҚР Үкіметінің, жергілікті атқарушы органдар мен уәкілетті органның құзыреттері бекітілген.

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) өсімдік шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды әзірлейді;
  - 2) өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартының және сақтандыру төлемдерін ішінара өтеудің тәртібі мен талаптары туралы шарттың үлгі нысанын бекітеді;
  - 3) міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлерін өндіру үшін егістік алқаптың бір гектарына жұмсалатын шығындар нормативтерін бекітеді;
  - 4) өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін ақшаны пайдалану тәртібін және агент көрсететін қызметтерге төленетін ақының мөлшерін бекітеді;
  - 5) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік органның ұсынуы бойынша қолайсыз табиғат құбылыстарын айқындаудың өлшемдері мен сипаттамаларын бекітеді;
  - 6) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптар көлемін айқындау үшін комиссия құруының және оның жұмысын ұйымдастырудың тәртібін және қолайсыз табиғат құбылысы фактісі бойынша зерттеу актісінің нысанын бекітеді;
  - 7) гидрометеорология қызметі органының және (немесе) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның қолайсыз табиғат құбылысы фактісін растайтын анықтамасының үлгі нысанын бекітеді.
- Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы:

- шаруашылық жүргізуші субъектілерін міндетті сақтандыруды ұйымдастырады;  
- өздерінің бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сақтанушыдан, сақтандырушыдан және агенттен сұратады және алады.

- өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі тиісті аумақта егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілейді;

- 3-1) өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға ағымдағы жылы сақтандырылуға тиіс өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің тізбесін ұсынады; Заңның 9-бабына сәйкес комиссиялар құрады. Өсімдік шаруашылығын сақтандыру саласындағы арнайы орган.

Өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган болып табылады. Ол:

1) өсімдік шаруашылығы саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;  
2) өсімдік шаруашылығы саласында мемлекеттік және өзге де бағдарламаларды әзірлейді және оларды іске асыруға қатысады;

3) Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығы саласындағы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

4) өсімдік шаруашылығын дамыту үшін құқықтық және экономикалық жағдайларды жетілдіреді;

5) республикадағы және шетелдердегі өсімдік шаруашылығы саласындағы жай-күй ахуалын зерделейді;

6) агенттің қызметін, Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы заңнамасын оның сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

7) сақтанушылардың міндетті сақтандыру шарттарын жасасудан жалтаруы туралы істерді қарайды;

8) өздерінің бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сақтанушыдан, сақтандырушыдан және агенттен сұратады және алады;

9) өздерінің бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сақтанушының, сақтандырушының және агенттің ұсыну нысаны мен мерзімдерін белгілейді;

10) қойылған егіс алқаптарын айқындаудың әдістемесін әзірлейді және бекітеді [4].

Өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның негізгі қызметі өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру.

Өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық органы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру мақсатында:

1) агенттен өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтанушылардың тиісті аумақтағы сақтандырылған өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері көрсетілген тізбесін сұратады;

2) өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтанушылар тізбесіне кірмеген өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге сақтандыру шартының жасалғанын растау қажеттігі туралы хабарлама жолдайды;

3) өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруші бір ай ішінде өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартының жасалғанын растамаған жағдайда, осы өндірушіге тексеру тағайындау туралы нұсқама шығарады;

4) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасайды және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жаза қолданады; Мемлекеттік бақылау өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартын жасасу нысанына арналған жоспарлы тексеру жүргізу арқылы жылына бір рет жүзеге асырылады.

Жоспарлы тексеру жүргізу мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс. Тексерілетін кәсіпкерлік субъектісіне тексеру тағайындау туралы актісін тапсыру сәті тексеру жүргізудің басталуы болып есептеледі.

Қорытындылай келе, біз, мынандай ұсыныстар жасадық:

- сақтандыру заңдарының мәтіндерінде «уәкілетті орган» деген абстрактілі ұғымды нақты атауға ауыстыру. Сақтандыру сұрақтары көбіне халыққа қатысты, сондықтан оларға қол жетімді тікелей қолданылатын нормативті акт және ақпараттың жариялылығы қажет;

- сақтандыру туралы ҚР заңдарында сақтандыруды мемлекеттік реттеуге қатысатын барлық сақтандыру органдарының құзыреттерін бекіту;

- Қазақстан Республикасында теория және тәжірибе жүзінде сақтандыру саласында нақты және үйлесімді әрекет етуші мемлекеттік органдар жүйесі жоқ. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің монополиялық жағдайын шектеу мақсатында сақтандыру саласындағы мемлекеттік реттеу жүйесін реформалау және сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеуге қатысатын органдардың құқықтық мәртебесін анықтау керек;

- қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің құқықтық мәртебесін қайта қарап, осы органдарының құзыретінен келесі қызметтерді алып тастау қажет: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын құруға рұқсат беру;

-өзі белгілеген тәртіппен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ашуға, оларды ерікті түрде қайта ұйымдастыруға және таратуға, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына еншілес ұйым құруға және сатып алуға, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат береді не рұқсат беруден бас тартады, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларымен мәмілелер жасауға келісім, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру;

-өзі белгілеген тәртіппен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру (қайтарып алалу);

-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдардың акцияларын мәжбүрлі сатып алу туралы шаралар қолдану;

- аграрлы сақтандыру саласында мемлекеттік органдардың біртұтас ортақ жүйесін құру қажет.

1. Қазақстан Республикасы. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі туралы ереже: Қазақстан Республикасының Президентінің 31 желтоқсан 2003 жылғы жарлығы // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).

2. Қазақстан Республикасы. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы: Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. - 2003. - №14.

3. Қазақстан Республикасы. 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңы // Егемен Қазақстан. 22-желтоқсан-2000.

4. Қазақстан Республикасы. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы заңы // Егемен Қазақстан. – 2004, 16- наурыз-

\*\*\*

In given article the system and powers of state structures of insurance relations in the field of agricultural production and a problem of perfection of their activity is considered

\*\*\*

В данной статье рассматривается система и полномочия государственных органов страховых отношений в области сельскохозяйственного производства и проблемы совершенствования их деятельности.

*Р.Е. Умербаева*

## ПРАВОВЫЕ ПРОБЛЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ ЗЕМЛЯМИ ГОРОДОВ И ГОРОДСКОЕ РАЗВИТИЕ

Все цивилизованные государства в современном мире, не зависимо от их естественных различий, сходятся сегодня в едином мнении, что достичь достойного качества жизни каждого члена общества можно лишь за счет эффективной и рациональной организации управления этим обществом.